

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
САРҢАҒАШ АУДАНЫ
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ
СЕРІКТЕСТІГІ

«ОҚУ ОРНЫ ЕР-АЙ-БИ»



ТУРКЕСТАНСКАЯ ОБЛАСТЬ
САРҢАҒАШСКИЙ РАЙОН
ТОВАРИЩЕСТВО С ОГРАНИЧЕННОЙ
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ

«УЧЕБНОЕ ЗАВЕДЕНИЕ ЕР-АЙ-БИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

160900 Сарыағаш қ, С.Дүйсебаев к №4
E – mail: er-ai-bi@mail.
БСН: 210540027528

160900 г.Сарыағаш, ул.С.Дүйсебаев
E – mail: er-ai-bi@mail.
БИН: 210540027528

«29» 08 2025ж

№ 61

Мектептің өзін-өзі бағалауын ұйымдастыру және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы №486 бұйрығы мен Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті басшысының 2024 жылғы 24 қазандағы «Түркістан облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментінің 2025 жылы мемлекеттік аттестаттауға жатататын білім беру ұйымдарының тізімі» негізінде, білім беру қызметінің тиімділігін әділ талдау мен өзіндік бағалау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 29 тамыз күні «Мектепті өзін-өзі бағалауын өткізу туралы» педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. «Оқу орны ЕР-АЙ-БИ» ЖШС-де өзін-өзі бағалау 2025 жылдың 02 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейінгі аралықта өткізілсін.
3. Мектепте өзін-өзі бағалауды ұйымдастыру мен өткізу мақсатында төмендегі құрамда комиссия құрылып, бекітілсін:
Базарбаева А – комиссия төрайымы, мектеп директоры;
Нұрханова Д – іс-жүргізуші, комиссия хатшысы;
Комиссия мүшелері:
Аймагова Б – мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары;
Абильбекова Л – мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары;
Әліхан Е – шаруашылық меңгерушісі;
Ташмуратова А – мектеп медбикесі.

4. Оқыту нәтижелерін бағалауға дайындық ретінде 4-сынып білім алушылары арасында компьютерлік форматтағы кешенді тестілеуге дайындық жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.
5. Телеграмм қосымшасында мектеп мұғалімдеріне, 4-сынып оқушылары мен ата-аналарына сауалнама жүргізуді ұйымдастыру үшін чаттар ашу, қатысушылар тізімін өкілетті органға ұсыну ДОІЖО Б.Аймагова мен ДТІЖО Л.Абильбековаға міндеттелсін.
6. Өзін-өзі бағалауды жүргізу комиссиясы оқу-білім беру процесінің талдауы мен өзін-өзі бағалаудың барлық бөлімі бойынша пәндік-дамыту ортасының жай-күйі қамтылған қорытынды есебі дайындалсын. Мерзімі: 30.09.2025ж.
7. Өзін-өзі бағалаудың қорытынды есебі бойынша педагогикалық кеңес өткізілсін. Мерзімі: 30.09.2025ж.
8. Мектептің өзін-өзі бағалаудың қорытынды анықтамасын Білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің белгілеген мерзіміне дейін мектептің ресми интернет-ресурсы <https://eraibi.edu.kz/> сайтына орналастыру мектеп ДОІЖО Б.Аймагова мен ДТІЖО Л.Абильбековаға жүктелсін.
9. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры:



А.Базарбаева